

**Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1275 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 841 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 ақпанда № 12990 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 114/НҚ және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 52 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 04.06.2019 № 114/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.06.2019 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Мыналар:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Байланыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;
- 3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Ақпараттандыру саласындағы тексеру парағы;
- 4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Байланыс саласындағы тексеру парағы;
- 5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 31.10.2018 № 456 және ҚР Ұлттық экономика министрінің**

31.10.2018 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына, ақпараттандыру, байланыс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 735 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 494 ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11891 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 30 қазанынан жарияланған) бірлескен бұйрығының;

2) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына, ақпараттандыру, байланыс саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 734 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 493 ( нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11890 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 30 қазанынан жарияланған) бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Инвестициялар министрінің	Республикасының және міндетін	Қазақстан даму Ұлттық атқарушы міндетін	Республикасының экономика министрінің атқарушы
_____	Ж. Қасымбек	_____	М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 31 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1275 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 841 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 31.10.2018 № 456 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақпараттандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "

Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына сәйкес тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы тексерілетін субъектілер (бұдан әрі – тексерілетін субъектілер) – ақпараттандыру объектілерінің меншік иелері немесе иелері;

2) елеулі бұзушылық – мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің электрондық ақпараттық ресурстарының сақталуы, қорғалуы, оларда іркіліс болған немесе бүлінген жағдайда қалпына келтірілуі бойынша талаптардың сақталмауы, мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне жасалған өтініштер туралы мәліметтердің автоматтандырылған есебін алуды, сақталуын және мерзімді архивтелуін жүзеге асыру бойынша талаптардың, сондай-ақ дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау, ақпараттандыру саласында екі немесе одан астам расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы бойынша талаптардың сақталмауы;

3) елеусіз бұзушылық – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге оның келісімін алғанын растаушы құжаттардың болмауы, ақпараттандыру саласында бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы;

4) өрескел бұзушылық – мемлекеттік органдардың ақпараттарын және дербес деректерді құқыққа сыйымсыз таратуға және пайдалануға, сондай-ақ оның бұрмалануына және жоғалуына әкелуі мүмкін бұзушылықтар.

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызмет

нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

9) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

4. Ақпараттандыру саласындағы тәуекелді айқындау тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне тексерілетін субъектілердің мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпаратын заңсыз таратуға, пайдалануға және өңдеуге әкелуі мүмкін дербес деректерді, сондай-ақ ақпараттық жүйелерге санкциясыз қол жеткізу жолымен дербес деректерді қамтитын ақпараттық жүйелерді бақылаусыз пайдалануға байланысты қызметімен зиян келтіру ықтималдығына қарай жүзеге асырылады.

5. Ақпараттандыру саласында жоғарғы тәуекел дәрежесіне тексерілетін субъектілер, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың ақпараттық объектілерінің меншік иелері немесе иеленушілер, сондай-ақ дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелері немесе иеленушілер жатады.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын тексерілетін субъектілерге тексерілетін субъектілер, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иеленушілер жатады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

8. Субъективті өлшемшарттар:

- 1) өрескел;
- 2) елеулі;
- 3) елеусіз

болып үш дәрежеге бөлінген және осы Өлшемшарттарға қосымшада келтірілген тексеру парақтарында санамаланған, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптары (бұдан әрі – талаптар) негізінде әзірленді.

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

10. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет. Бұл мәліметтерді дұрыс пайдалану мемлекеттік бақылауды едәуір тиімді жүзеге асыруға және реттеуші органдардың ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

тексерілетін субъектілердің алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

тексерілетін субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны;

бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингі нәтижелері пайдаланылады.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тексерілетін субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызу немесе оған жатқызылмаған тексерілетін субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

1) "алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқылдалады;

2) "тексерілетін субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және

олардың саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

3) "тексерілетін субъектілер ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингі нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

12. Әрбір ақпарат көзі бойынша тәуекел дәрежесін айқындау мынадай түрде айқындалады.

Өрескел дәрежедегі бір орындалмаған талап 100 көрсеткішке теңестіріледі және бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

Егер талаптарды өрескел дәрежеде бұзушылық анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз дәрежелер талаптарының жиынтық көрсеткіштері есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = (P_2 \times 100/P_1) \times 0,7,$$

мұнда:

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Елеусіз бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_n = (P_2 \times 100/P_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеусіз бұзушылықтар саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $\sum P$ ) 0-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді мына формула бойынша жинақтап қосу арқылы айқындалады:

$$\sum P = P_3 + P_n,$$

мұнда:

$\sum P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъекті (объекті):

– тәуекел дәрежесі 61-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тексеру жүргізіледі;

тәуекел дәрежесі 0-ден 60-ты қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі жылына бір реттен жиі емес мерзімді құрайды және субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Ақпараттандыру саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

#### **"Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері)" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар**

№	Өлшемшарттар	Бұзушылықтар дәрежесі
1.	мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы кодтарын (бар болса) және лицензиялық қамтылымының баптау кешенін "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына қабылдап алу-беру актісінің болуы туралы талаптың сақталуы	өрескел
2.	техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштерде түпнұсқаларының болуы туралы талаптың сақталуы	өрескел
3.	ақпараттандыру саласында бұзушылықты жою туралы нұсқаманың орындалуы	елеулі
4.	мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің электрондық ақпараттық ресурстарының сақталуы, қорғалуы, оларда іркіліс болған немесе бүлінген жағдайда қалпына келтірілуі бойынша талаптардың сақталуы	елеулі



5.	мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің электрондық ақпараттық ресурстарының резервтік көшірмелерін жасау және оларда іркіліс болған немесе бүлінген жағдайда уақытылы жаңартылып отыруын бақылауды жүзеге асыру бойынша талаптардың сақталуы	елеулі
6.	мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне жасалған өтініштер туралы мәліметтердің автоматтандырылған есебін алуды, сақталуын және мерзімді архивтелуін жүзеге асыру бойынша талаптардың сақталуы	елеулі
7.	ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға қабылдап алу туралы актінің болуы туралы талаптың сақталуы	өрескел
8.	техникалық құжаттама сараптамасының болуы туралы талаптың сақталуы	елеулі
9.	электрондық ақпараттық ресурстарды алған ақпараттық жүйелердің меншік иелері мен иеленушінің ақпараттық жүйелерде қамтылған дербес деректерді қорғау бойынша талаптарды сақтауы	өрескел
10.	мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды шектеу мақсатында жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалануға жол бермеу бойынша талаптарды сақтау	өрескел
11.	дербес деректерді жинау, өңдеу шарттары бұзылған жағдайда, субъектінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші адамның өздерінің дербес деректерін бұғаттауды талап ету құқықтарын сақтау	елеулі
12.	субъектінің меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші адамнан оларды жинау мен өңдеу заңсыз жүргізілген жағдайда, өздерінің дербес деректерін жоюды талап ету құқықтарын сақтау	елеулі
13.	субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге оның келісімін алғаны туралы дәлелдемені ұсыну міндеттемелерін сақтау	елеусіз

Ақпараттандыру саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
2-қосымша

**"Тексеру субъектілеріне жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар**

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	ақпараттандыру саласында екі немесе одан да астам расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы	елеулі
2.	ақпараттандыру саласында бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы	елеусіз

Ақпараттандыру саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
3-қосымша

**"Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы**

## ұсынылатын мәліметтер мониторингі нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді орналастырмауы ("электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында мемлекеттік органның ақпараттандыру жүйелерін тіркеу, мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының көшірмелерін орналастыру, сондай-ақ мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы ақпаратын жаңартып отыру)	өрескел

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1275 және  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 841 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

### Байланыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 31.10.2018 № 456 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2018 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

#### 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Байланыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына сәйкес тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) байланыс операторы – байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) байланыс желілерін пайдаланатын, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

2) байланыс саласындағы тексерілетін субъектілер (бұдан әрі – тексерілетін субъектілер) – байланыс операторлары, ведомстволық және корпоративтік телекоммуникациялар желілерінің, ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісіне қосылатын жеке коммутациялық жабдықтың иелері, радиожилік спектрін пайдаланушылар болып табылатын радиоэлектрондық құралдардың иелері;

3) елеулі бұзушылық – қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы телекоммуникацияларының желілеріне қойылатын талаптардың, біліктілік талаптарының сақталмауы, пайдаланушыларға сапасы бойынша Байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне, Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес келмейтін байланыс қызметтерін көрсету, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылғаны анықталған кезде нұсқамаларды орындамау, байланыс саласында екі немесе одан да астам расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы;

4) елеусіз бұзушылық – Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидаларының талаптарын сақтамау, байланыс саласында бір расталған шағымның немесе өтініштің болуы;

5) өрескел бұзушылық – барлық байланыс желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізе алмауға әкелуі мүмкін бұзушылықтар, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай басталған жағдайда кез келген желілер мен байланыс құралдарының (үкіметтік байланысты қоспағанда) қызметін тоқтатуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінде пайдаланылатын техникалық байланыс құралдарының, пошта байланысының техникалық құралдарының электр магниттік сәулелену көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәйкестігін растамауы;

6) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген тексеру субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз тексеру субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекелдерді бағалау жүйесі –бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

10) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және (немесе) субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

## **2-бөлім. Объективті өлшемшарттар**

4. Байланыс саласындағы тәуекелді айқындау тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне байланыс саласындағы тексерілетін субъектілердің қызметімен және жоғары жиілікті құрылғылар мен радио электрондық құралдарды пайдаланумен байланысты зиян келтіру ықтималдығына қарай жүзеге асырылады.

5. Байланыс саласында жоғары тәуекел дәрежесіне байланыстың лицензияланатын қызмет түрлерін көрсететін тексерілетін субъектілер, сондай-ақ ведомстволық және корпоративтік телекоммуникациялар желілерінің, ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісіне, қалааралық телефон байланысына, халықаралық телефон байланысына, ұялы байланысқа (стандарттың атауын көрсете отырып) қосылатын жекелеген коммуникациялық жабдықтың иелері жатады.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын тексерілетін субъектілерге:

1) спутниктік жылжымалы байланыс қызметін көрсетуге лицензия алған тексерілетін субъектілер;

2) радиожиілік спектрін пайдаланушылар болып табылатын радиоэлектрондық құралдардың иелері жатады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## **3-бөлім. Субъективті өлшемшарттар**

8. Субъективті өлшемшарттар:

1) өрескел;

2) елеулі;

3) елеусіз

болып үш дәрежеге бөлінген және осы Өлшемшарттарға қосымшада келтірілген тексеру парақтарында санамаланған, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасының талаптары (бұдан әрі – талаптар) негізінде әзірленді.

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

10. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзатын тексерілетін субъектілерді анықтау үшін қажет.

Ақпаратты талдау және субъективті өлшемшарттарды бағалау неғұрлым жоғары әлеуетті тәуекелдері бар тексерілетін субъектіге қатысты тексерулерді шоғырландырады. Бұл ретте талдау мен бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

тексерілетін субъектілердің алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

тексерілетін субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны;

бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсыным);

уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері пайдаланылады.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тексерілетін субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды жоғары тәуекел тобына және жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел тобына жатқызу мына көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

1) "алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады;

2) "тексерілетін субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады;

3) "бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсыным)" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады;

4) "уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес айқындалады.

12. Әрбір ақпарат көзі бойынша тәуекел дәрежесін айқындау мынадай түрде айқындалады.

Өрескел дәрежедегі бір орындалмаған талап 100 көрсеткішке теңестіріледі және бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

Егер талаптарды өрескел дәрежеде бұзушылық анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз дәрежелер талаптарының жиынтық көрсеткіштері есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_3 = (P_2 \times 100/P_1) \times 0,7,$$

мұнда:

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

Елеусіз бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\sum P_n = (P_2 \times 100/P_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтар көрсеткіші;

$\sum P_1$  – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$  – анықталған елеусіз бұзушылықтар саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ( $\sum P$ ) 0-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді мына формула бойынша жинақтап қосу арқылы айқындалады:

$$\sum P = P_3 + P_n,$$

мұнда:

мұнда:

$\sum P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_n$  – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъекті (объекті):

– тәуекел дәрежесі 61-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тексеру жүргізіледі;

тәуекел дәрежесі 0-ден 60-ты қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

#### 4-тарау. Қорытынды ережелер

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі жылына бір реттен жиі емес мерзімді құрайды.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Байланыс саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

#### **"Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар**

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	байланыс саласында қызметтер көрсетуге арналған лицензияның болуы	өрескел

2.	Қазақстан Республикасының радиожілілік спектрін пайдалануға рұқсаттын болуы	өрескел
3.	байланыс қызметтерін көрсету бойынша қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы	елеулі
4.	радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаның болуы	елеулі
5.	Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінде пайдаланылатын техникалық байланыс құралдарының пошта байланысының техникалық құралдарының электро магниттік сәулелену көзі болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәйкестігін растауы	елеулі
6.	байланыс саласында бұзушылықты жою туралы нұсқаманың орындалуы	елеулі
7.	Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген, байланыс операторының деректерді таратуды өлшеу жүйесі мен қосылу ұзақтығын өлшеу жүйесі бар трафикті есепке алу жүйелерінің болуын растау үшін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінен үзінді көшірменің, қолданыстағы тексеру сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптың сақталуы	елеусіз
8.	байланыс операторының, көрсетілетін қызмет провайдерінің, ведомстволық телекоммуникациялар желісі, арнайы тағайындалған телекоммуникациялар желісі, корпоративтік желі иелерінің бөлінген нөмірлеу ресурсының 50 пайыздан астамын бөлінген кезден бастап екі жылдың ішінде пайдалану бойынша талапты сақтауы	елеусіз
9.	нөмірлеу ресурсын алушының нөмірлеу ресурсын (нөмірлеу аймағын географиялық тұрғыдан айқындамайтын "DEF" кодындағы "X1", "X1X2" индекстерін; көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу кодтарын пайдалана отырып байланыс қызметтерін ұсынатын (X1X2X3)/(X1X2X3X4) операторлардың кодтарын; "1UV (X1(X2))" шұғыл жедел, ақпараттық-анықтамалық және тапсырыс беру қызметтеріне қол жеткізу нөмірлерін, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының таңдау префикстерін бөлінген кезден бастап екі жыл ішінде 6 айдан астам (уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру нәтижелері бойынша) пайдалануы бойынша талапты сақтауы	елеусіз
10	басқару орталығының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жерүсті сегменттері мен коммутациялық тораптарды қамту бойынша талапты сақтауы	өрескел
11	тәуелсіз географиялық трассалар бойынша ұйымдастырылған тәуелсіз айналма жолдарды беру немесе сол тарату желілерінде ұйымдастырылатын трактілерге (арналарға) ауыстыру жолымен көліктік желілерді резервке қою бойынша талаптың сақталуы	елеулі
12	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында көліктік телекоммуникациялар желілерінің (магистральдық және аймақшілік байланыс желілерінің) болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
13	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында тактілі желілік синхрондау жүйесінің болуы бойынша талабын сақтауы	елеулі
14	оған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы мәртебесін берген кезде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында қалааралық және халықаралық коммутация станцияларының болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
15	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желілерінде басқа елдердің жалпы пайдалануындағы телекоммуникациялар желісімен халықаралық қосылуды ұйымдастыру үшін кемінде үш таратудың (екеуі өз желісінің бағытымен және біреуі басқа елдің желісі бағытында) шығуы (үш бағыт) бар желілік тораптардың болуы туралы талапты сақтауы	елеулі



16	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желісі құрамында жерүсті байланыс желілері бойынша көліктік желінің шетелдердің байланыс операторларының телекоммуникациялар желілерімен кемінде бір тоғысу нүктесінің болуы туралы талапты сақтауы	елеулі
17	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қамтамасыз ететін желілерді дербес құруы (дамытуы) туралы талапты сақтауы	елеулі
18	жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды орындауы қамтамасыз ету бойынша талаптың сақталуы	елеулі
19	қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының телекоммуникациялар желілерімен кемінде алты облыстың (географиялық нөмірлеу аймағы), Астана және Алматы қалаларының аумағын қамтуы туралы талапты сақтауы	елеулі
20	техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамын растау үшін тиісті білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы тізімінің, дипломдардың көшірмелерінің, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың, еңбек кітапшаларының немесе еңбек шарттарының көшірмелерінің, байланыс саласында даярлық және біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткені туралы куәліктер немесе сертификаттардың болуы туралы талаптың сақталуы	елеулі
21	акционерлер (қатысушылар) арасында акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) бөлу жөніндегі ақпаратты растау үшін өтініш берушінің құрылтай құжаттары көшірмелерінің және бағалы қағаздарды ұстаушылар (серіктестік қатысушыларының) тізілімінің болуы туралы талаптың сақталуы	елеулі
22	радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық сипаттамалары мен пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта және радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламада жазылған талаптарға сәйкестігі туралы талаптың сақталуы	елеусіз
23	олардың желісінде жұмыс істейтін абоненттік құрылғылардың сәйкестендіру кодының тізілімін жүргізу бойынша талапты сақтауы (ұялы байланыс операторы үшін)	елеусіз
24	басқа жеке немесе заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиілік белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығын беруге жол бермеу бойынша талаптардың сақталуы	елеулі
25	ұялы байланыс операторларының абоненттерге тегін қосылыстырды ұсынуды қамтамасыз ету бойынша талапты сақтауы	елеусіз
